

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының басшылары мен басшы орынбасарларына арналған «Білім беру жүйесіндегі менеджмент» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ереже

1. «Білім беру жүйесіндегі менеджмент» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) білім беру ұйымдары басшыларын оқытуға арналған.

2. Білім беру бағдарламасы білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық жүйені басқаруды стратегиялық жаңалауға, жаһандық менеджмент негізінде мектепті тиімді басқаратын мемлекеттің, еңбек нарығының сұраныстарын қамтамасыз етуші менеджерлер даярлауға бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігі – білім беруді жаһандандыру мен ақпараттандыру дәуіріндегі қоғамның, әлеуметтік серіктестердің қажеттілігіне бағытталған білім беру ұйымын тиімді басқарудың жаңа модельдері туралы білім қалыптастыру.

2. Глоссарий

Басқару парадигмасы – ғылыми тұжырымға негізделген негізгі идея, ғылым дамуының белгілі кезеңінде ғылыми қауымдастық тарапынан қабылданған болжамдардың мәнін түсіндіру және ғылым тану үрдісінде пайда болатын мәселелерді шешу, модель, стандарт (қалып) ретінде пайдаланылатын теориялық және әдіснамалық ереже.

Педагогикалық менеджмент - білім беру жүйесіндегі басқару. Оның ұйымдастыру формалары мен технологиялық тәсілдері және жалпы педагогикалық жүйені басқару: жоспарлау, реттеу, бақылау, басшылық жасау, ұйымдастыру өнері.

Инновациялық менеджмент – бұл бәсекелі қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын және бірқатар әсерлерді (экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, технологиялық) беретін принципті жаңа немесе модификацияланған құралдарды (жаңалықтарды) құру мен игерудің (енгізудің) қорытынды нәтижесі.

Басқару технологиялары - ақпаратты жинау мен өңдеудің әдістері және құралдары арқылы ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге арналған басқару құралдары мен әдістерінің жиынтығы; қызметкерге тиімді әсер ету тәсілдері; ұйымдастыру мен басқару принциптері, заңдары мен заңдылықтары; бақылау жүйелері.

Тайм-менеджмент (ағылшынша «time management») – уақытты ұйымдастыру және оны пайдалану тиімділігін арттыру технологиясы.

Білім беру ұйымдарын жан басына қаржыландыру – бұл мекеменің бюджетін қалыптастырудың жаңа тәсілі.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділік үшін жағдайлар жасау.

Көшбасшылық – қажетті нәтижеге қол жеткізу мақсатында басқалардың әрекетіне ықпал ету қабілеті және адамдарды ортақ мақсаттарға жетелеуге бағытталған басқару қарым-қатынасы.

Soft skills («икемді» дағдылар) – адамды өмір бойы дамытатын дағдылар.

Эмоционалдық интеллект – адамның эмоцияларды тану, практикалық мәселелерді шешу үшін басқа адамдардың және өздерінің ниеттерін, ынтасы мен тілектерін түсіну, сондай-ақ өз эмоцияларын басқару қабілетінің дағдылары мен қабілеттерінің жиынтығы.

3. Бағдарлама тақырыбы

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	1.1 Нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген, орта білім жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері.
	1.2 Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық аспектілері.
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру	2.1 Білім беру үдерісін басқарудағы педагогикалық менеджмент.
	2.2 Заманауи мектептің оқу-тәрбие үдерісін табысты ұйымдастырудағы инновациялар. Білім беру ұйымдарының дамуындағы инновациялық менеджмент.
	2.3 Мектептің даму бағдарламасы – білім беру сапасын басқарудың стратегиялық құжаты. Өзгерістерді жоспарлау және әрекеттің нәтижелеріне талдау жасау технологиясы
	2.4 Білімдендіру үдерісін басқару жүйесіне менеджменттің тиімділігін бағалаудың критерилері мен параметрлерін енгізу.
	2.5 Басшының уақытын ұйымдастыру және Тайм-менеджмент ережелері қисынында оны пайдаланудың тиімділігін арттыру.
	2.6 Жан басына қаржыландыру жағдайында білім беру ұйымдарында жоспарлау, материалдық-техникалық базаны басқару.
	2.7 Басқару әрекетінің мәдениеті негізінде мектепшілік басқаруды жетілдіру. Білім беру ұйымын басқарудағы көшбасшылық пен менеджмент.

	2.8 Мектепте инклюзивті білім беру: ұйымдастырушылық-басқарушылық міндеттер.
	2.9 Квалиметрия оқу-тәрбие үдерісінің сапасын бағалау құралы ретінде. Білім беру үдерісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу. Сапа менеджменті жүйесінің талаптары.
	2.10 Жаһандық бәсекелестік жағдайында білім беру ұйымының қазіргі басшысының сыни және дизайн-ойлауын дамыту
	2.11 Мектептің даму бағдарламасы фрагменттерін панорамалық қорғау.
	2.12 Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби күзiреттiлiгiн анықтау (қорытынды тестiлеу).
Модуль 3. Білім беру ұйымдары басшыларының цифрлық құзыреттілігін дамыту	3.1 Басқарушылық шешім білім сапасын басқару құралы ретінде: менеджмент теориясы қисынындағы әзірлеме технологиясы. PDCA басқару мақсаттарын диагностикалық талдау. PDCA басқару шешімдерін жасау тәсілдері
	3.2 Жобалау-зерттеушілік әрекет – мектеп басшысының кәсіби күзiреттiлiгiн арттыру факторы ретінде
	3.3 Ақпараттық білім кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері
4-модуль. Вариативті	4.1 Адами ресурстарды басқару. Ұйымдағы HR – менеджменттің ролі. Адам ресурстарын басқарудың жапондық диагностикалық моделі
	4.2 «Толық адам» ұлттық тәрбие моделі

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты. Жаһандық бәсекелестік жағдайында педагогикалық жүйені басқарудағы білім беру ұйымы басшыларының кәсіби-басқарушылық күзiреттiлiгiн дамыту болып табылады.

Мндеттері:

- білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруда білім, біліктілік пен басқару дағдыларын қалыптастыру, стратегиялық және тактикалық жоспарлау негізінде басқарушылық шешім қабылдау үлгісін, бақылау жүйесін тиімді құру;

- командада тиімді жұмысты ұйымдастыру мақсатында педагогикалық ұжым мүшелерінің мотивациясын іске асыру бойынша дағдыларын қалыптастыру, көшбасшылық пен өзін-өзі реттеудің инновациялық әдістеріне үйрету;

- білім беру процесін квалиметриялық сүйемелдеу жүйесін енгізе отырып, ұйымда заманауи білім беру процесін ұйымдастыру және құру дағдыларын жетілдіру, сапа менеджменті негізде білім беру ұйымдарындағы инновацияларды басқару біліктіліктерін игеру.

Күтілетін нәтижелер.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) орта білім берудің жаңа ҚР МЖМБС тұжырымдамалық негіздерін, жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі бағыттарын, білім беру ұйымдары қызметін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар мазмұны, көшбасшы-жетекші қызметінің мазмұнын, стратегиялық және тактикалық жоспарлаудың басқарушылық негізін, мектептегі зерттеушілік тәжірибелерді біледі;

2) стратегиялық және тактикалық жоспарлауды өз бетінше іске асыруды, команда құру үшін коллаборативті орта құруды, жобалау, басқару және оқытуда сандық технологияларды қолдануды, деректермен жұмыс істеу кезінде сыни ойлауды, білім беру сапасын мемлекеттік бақылау тәртібін қолданады.

3) жахандық менеджмент негізінде мектепті басқарудың негізгі идеялары мен ұстанымдарын, тиімді басқару және көшбасшылық дағдыларын, ақпараттық білім ортасын тиімді басқаруды, басқаруда тиімді шешімдер қабылдау тәсілдерін меңгереді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1) Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері

2) Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру

3) Білім беру ұйымы басшыларының цифрлық құзыреттілігін дамыту

4) Вариативті

1-модуль. Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері. Модуль басшыларды білім беру ұйымдарының қызметін, оқыту мен тәрбиелеу жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілермен, Педагогтің кәсіби стандартымен, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары мен қағидаттарын таныстыруға бағытталған. Тұлғалық дамудағы басқару психологиясының ерекшеліктері, ұйымдастырушылық мінез-құлық негіздері, эмоционалды интеллекттің дамуы қарастырылады. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін білім беру ұйымы басшыларының педагогикалық-психологиялық білімін, басқарушылық дағдыларын жетілдіру.

2-модуль. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымын тиімді басқару үшін басшының басқару қызметінің мазмұны мен әдістерін жетілдіру.

3-модуль. Білім беру ұйымы басшыларының цифрлық құзыреттілігін дамыту. Басшының қызметін автоматтандыруды тиімді ұйымдастыру, білім беру сапасын басқарудың тиімділігін арттыруда интерактивті тапсырмалар мен жеке жобалау жұмыстарын құру. Білім беру ұйымының заманауи басшысының ІТ-құзыреттілігі мен цифрлық сауаттылығын дамыту. Практикалық жұмыстар барысында курс

тыңдаушылары іс-шараларды әзірлеу және өткізу, заманауи IT-технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық материалдарды ұсыну біліктерін жетілдіру.

4-модуль. Вариативті. Модульде орта білім беру ұйымдары басшыларының қажеттіліктерін ескере отырып, дәріс материалын таңдауға мүмкіндік береді. Модульде қарастырылатын тақырыптар: «Толық адам» білім берудің ұлттық моделі, адам ресурстарын басқару, білім беруді ұйымдастырудағы HR-менеджменттің рөлі және адам ресурстарын басқарудың жапондық диагностикалық үлгілері.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Білім беру үдерісі 80-сағаттық оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

1) Білім беру үрдісін ұйымдастыруда тыңдаушылардың білімдерін бағалау мен бақылау мақсатында өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, шағын-сабақты (шағын-шаралар) бейнекөрсетілім және қорытынды тестілеу өткізледі.

2) Білім беру үрдісі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталас, «миға шабуыл», іскерлік ойындар, тренингтер, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау және т.б.

3) Ересектер аудиториясының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту барысында тыңдаушыларға қисынды қорытындылар жасауға, мазмұнды өз тәжірибесіне бейімдеуге және алған біліктіліктерін аудиториялық тәжірибелік сабақтар және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында сыннан өткізуге мүмкіндік беріледі.

4) Білім беру үдерісі аудиториялық сабақтар және өзіндік жұмыстарды жүргізуден тұрады. Бағдарламаның біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағытталуы қазіргі білімдік технологиялар және интербелсенді оқыту формаларын: кері байланыс; мәселелерді, күрделі сұрақтарды талқылау және пікірталас, шеберлік-сынып; «дөңгелек үстел» арқылы қол жеткізетін әрекеттік амалды білдіреді.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

1-модуль. «Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері»

Модульдің өзектілігі

Басқару қызметінің нормативтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық аспектілері. Модульдің өзектілігі Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын тұрақты даму контекстінде айқындаумен, білім беру сапасын басқарудың нормативтік-құқықтық негіздерінің өзгерістерін және жаңа талаптардың ерекшеліктерін түсіндірумен сипатталады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін білім беру ұйымы басшыларының педагогикалық-психологиялық білімін, басқарушылық дағдыларын жетілдіру.

Модульдің міндеттері

- білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру жүйесін басқарудың нормативтік-құқықтық негіздерін меңгеру;

- білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру ұйымдарын тиімді басқарудың практикалық дағдыларын дамыту;

- білім беру ұйымы басшыларының басқару қызметіндегі педагогикалық-психологиялық білімдерін жетілдіру;

- басқарушылық және инновациялық қызметтің педагогикалық-психологиялық аспектілерін талдау.

Күтілетін нәтижелер:

- орта білім беру ұйымдарын білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында басқаруды реттейтін нормативтік құжаттарды қолданады;

- білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепті тиімді басқарудың практикалық дағдыларын көрсетеді;

- білім беру жүйесін басқарудың педагогикалық-психологиялық негіздерін қолданады;

- білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін педагогикалық-психологиялық аспектілер бойынша білім мен дағдыларын қолданады.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқу әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
1.1 Нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген, орта білім жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері.	Семинар 2 сағат	Басқару қызметінің нормативтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық аспектілері. Модульдің өзектілігі Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын тұрақты даму контекстінде айқындаумен, білім беру сапасын басқарудың нормативтік-құқықтық негіздерінің өзгерістерін және жаңа талаптардың ерекшеліктерін түсіндірумен сипатталады.	- орта білім беру ұйымдарын білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында басқаруды реттейтін нормативтік құжаттарды қолданады; - білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепті тиімді басқарудың практикалық дағдыларын көрсетеді;

1.2 Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық аспектілері.	Семинар 2 сағат	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін білім беру ұйымы басшыларының педагогикалық-психологиялық білімін, басқарушылық дағдыларын жетілдіру.	- білім беру жүйесін басқарудың педагогикалық-психологиялық негіздерін қолданады; - білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін педагогикалық-психологиялық аспектілер бойынша білім мен дағдыларын қолданады.
--	--------------------	--	--

2-Модуль. «Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру»

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымын тиімді басқару үшін басшының басқару қызметінің мазмұны мен әдістерін жетілдіру.

Міндеттері:

- заманауи мектепті тиімді басқарудың моделін жобалауда әлемдік және отандық үздік педагогикалық тәжірибені игеру;
- бәсекеге қабілетті мектепті дамытуда білім беру процесін квалиметриялық сүйемелдеу.

Күтілетін нәтижелер:

Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- заманауи мектепті тиімді басқарудың моделін жобалауда әлемдік және отандық үздік педагогикалық тәжірибені қолдана алады;
- бәсекеге қабілетті мектепті дамытуда білім беру процесін квалиметриялық сүйемелдеу дағдыларын көрсетеді.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқу әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
2.1 Білім беру үдерісін басқарудағы педагогикалық менеджмент 2.2 Заманауи мектептің оқу-тәрбие үдерісін табысты ұйымдастырудағы инновациялар. Білім	Семинар 4 сағат, КТС 6 сағат Семинар 4 сағат	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымын тиімді басқару үшін басшының басқару қызметінің мазмұны мен әдістерін жетілдіру. Стратегиялық өзгерістерді, дағдарыс	- заманауи мектепті тиімді басқарудың моделін жобалауда әлемдік және отандық үздік педагогикалық тәжірибені қолдана алады;

<p>беру ұйымдарының дамуындағы инновациялық менеджмент</p> <p>2.3 Мектептің даму бағдарламасы – білім беру сапасын басқарудың стратегиялық құжаты. Өзгерістерді жоспарлау және әрекеттің нәтижелеріне талдау жасау технологиясы</p> <p>2.4 Білімдендіру үдерісін басқару жүйесіне менеджменттің тиімділігін бағалаудың критерилері мен параметрлерін енгізу</p> <p>2.5 Басшының уақытын ұйымдастыру және Тайм-менеджмент ережелері қисынында оны пайдаланудың тиімділігін арттыру</p> <p>2.6 Жан басына қаржыландыру жағдайында білім беру ұйымдарында жоспарлау, материалдық-техникалық базаны басқару</p> <p>2.7 Басқару әрекетінің мәдениеті негізінде мектепшілік басқаруды жетілдіру. Білім беру ұйымын басқарудағы көшбасшылық пен менеджмент</p> <p>2.8 Мектепте инклюзивті білім</p>	<p>Семинар 4 сағат, Демо сабақ 4 сағат</p> <p>Семинар 4 сағат</p> <p>Семинар 4 сағат</p> <p>Семинар 4 сағат</p> <p>Семинар 2 сағат, КТС 6 сағат, Демо-сабақ 4 сағат</p> <p>Семинар 4 сағат</p>	<p>кезеңдерін, қарама-қайшылықтарды басқарудың мәнін ашу және өзгерістер құрылымын анықтау. Менеджердің құзыреттілігі – бұл менеджердің дағдылары. Өзінің қабілеттерінің арқасында адам еңбек бөлінісін дұрыс ұйымдастыра алады және өз ұжымынан максималды өнімділікке қол жеткізе алады. Адам жақсы нәтижеге жету үшін қолданатын барлық нәрсені басқарушылық құзыреттілік деп санауға болады. Басқарушылық құзыреттілікте демократиялық стильді қолдана білу. Икемді дағдылар (Soft-skills) кең ауқымда қолданылады және кәсіби қызмет саласымен шектелмейді. Американдық ұлттық жұмыс берушілер қауымдастығы жүргізген зерттеу нәтижелерінде қызметкерлер үшін ең құнды болып саналатын жұмсақ дағдылар: топта жұмыс істеу қабілеті, шешім қабылдау және мәселелерді шешу қабілеті, ұйымдағы және одан тыс адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті, жоспарлау, ұйымдастыру және басымдық беру қабілеті және ақпаратты іздеу және өңдеу қабілеті.</p>	<p>- бәсекеге қабілетті мектепті дамытуда білім беру процесін квалиметриялық сүйемелдеу дағдыларын көрсетеді.</p> <p>- басқарушылық шешім қабылдау үшін қажетті дағдыларды іске асыру деңгейлерін бағалау өзара бағалау;</p> <p>- гибриді басқару негізінде командаішілік қақтығыс ықтималдығын жою мүмкіндігін бағалау;</p> <p>- тапсырмаларды дұрыс ұйымдастыру арқылы менеджер ұжымының максималды өнімділігін бағалау;</p> <p>- қызметкерлердің кәсіби қызметі мен еңбек тәртібінің сапасын бағалау.</p> <p>Ұжымның мінез-құлық мәдениетін бағалау;</p> <p>- инклюзивті білім берудің мәні мен негізгі сипаттамаларын, инклюзивті білім беруді дамытудың педагогикалық-психологиялық жағдайларын және балаларға инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибелерін талдау және салыстырмалы бағалау.</p> <p>Инклюзивті білім беруді дамыту әдістері мен тәсілдерін саралау.</p>
--	--	--	---

беру: ұйымдастырушылық- басқарушылық міндеттер 2.9 Квалиметрия оқу- тәрбие үдерісінің сапасын бағалау құралы ретінде. Білім беру үдерісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу. Сапа менеджменті жүйесінің талаптары.	Семинар 4 сағат		
2.10 Жаһандық бәсекелестік жағдайында білім беру ұйымының қазіргі басшысының сыни және дизайн- ойлауын дамыту	Семинар 2 сағат Тест 2 сағат		
2.11 Мектептің даму бағдарламасы фрагменттерін панорамаларық қорғау.	Семинар 2 сағат		
2.12 Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзіреттілігін анықтау (қорытынды тестілеу).	Семинар 2 сағат		

3 модуль. «Білім беру ұйымы басшыларының цифрлық құзыреттілігін дамыту»

Білім беру ұйымының заманауи басшысының ІТ-құзыреттілігі мен цифрлық сауаттылығын дамыту. Практикалық жұмыстар барысында курс тыңдаушылары іс-шараларды әзірлеу және өткізу, заманауи ІТ-технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық материалдарды ұсыну біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

- ақпараттық білім беру ортасында киберқауіпсіздік туралы білімдерін жетілдіру;

- PDCA басқару мақсаттарын диагностикалық талдау.

Күтілетін нәтижелер:

Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- цифрлық білім беру ресурстарымен жұмыс жасауда АКТ құзыреттілік дағдыларын көрсетеді;

үлгілері. Вариативті модульдің тақырыптары кіріс диагностикасынан кейін анықталады.

Модульдің міндеттері

- тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруда «Толық адам» ұлттық тәрбие моделін таныстыру;

- адами ресурстарды басқарудың жапондық диагностикалық моделін зерттеу;

- басқару тәжірибесінде HR-менеджменттің ролін өзара бағалауда қолдану.

Күтілетін нәтиже

Курс соңында тыңдаушылар модуль бойынша:

- «Толық адам» ұлттық тәрбие моделі тұжырымдамасының идеяларын жүзеге асырады;

- білім беру ұйымдарында адами ресурстарды басқарудың жапондық диагностикалық моделін қолданады;

- адами капиталды басқарудағы HR-менеджменттің ролін бағалау шкаласын әзірлеу.

Модуль тақырыптары	Оқу сабағының түрі, оқу әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұны	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
4.1 Адами ресурстарды басқару. Ұйымдағы HR – менеджменттің ролі. Адам ресурстарын басқарудың жапондық диагностикалық моделі.	Семинар 2 сағат	Адам ресурстарын басқару мақсаты, принциптерін, адам ресурстарын басқару жүйесін, адам ресурстары ұғымын, адами ресурстарын басқару жолдарын, персоналды басқару менеджеріне қойылатын талаптарын кеңінен қарастыру. Ұйымдағы HR-менеджменттің ролін анықтау.	Ұйымдағы HR – менеджменттің ролін басшылық тәжірибесінде өзара бағалау.
4.2 «Толық адам» ұлттық тәрбие моделі.	Семинар 2 сағат	Жаһандану және постиндустриалдық қоғам дәуірінде адамның рухани құндылықтарын қалыптастыру маңызды. «Толық адам» ұғымы халықтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, зиялы ұлт ретінде рухани дамуына ықпал етеді. Абай білімге ұмтылған, адамгершілігі жоғары, таңдау еркіндігі мен жауапкершілігін мойындайтын кемел адам «толық адам» деген жаңа бейнені қалыптастырды. Ұлы гуманисттің моральдық кодексі: «Адам бол» демекші, бұл дүниеде	Адами ресурстарды басқаруын, ұйымдағы HR – менеджменттің ролін, адам ресурстарын басқарудың жапондық диагностикалық моделін меңгерген деңгейлерін бағалау; Білім сапасын басқаруға, «Толық адам» моделін құрастыруға қажетті басқарушылық және цифрлық (digital-skills) дағдыларын қолданады «Толық адам» ұлттық тәрбие моделі іске асырылу жолдарын талқылау, мектептерде

		бағдарлай білу және таңдау мен жауапкершілікті білдіретін Абайдың бұл сөздері ұрпаққа өнеге.	орындалу деңгейін бағалау
--	--	--	---------------------------

Күндізгі оқыту режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Семинар	КТС	Демо-сабақтың презентациясы / Жобаны қорғау	Тестілеу	Барлығы (сағат)
1	1-модуль. Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	4				4
1.1	Нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген, орта білім жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері	2				2
1.2	Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық- психологиялық аспектілері	2				2
2	2-модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру	44	12	8	2	66
2.1	Білім беру үдерісін басқарудағы педагогикалық менеджмент	4	6			10
2.2	Заманауи мектептің оқу-тәрбие үдерісін табысты ұйымдастырудағы инновациялар. Білім беру ұйымдарының дамуындағы инновациялық менеджмент	4				4
2.3	Мектептің даму бағдарламасы – білім беру сапасын басқарудың стратегиялық құжаты. Өзгерістерді жоспарлау және әрекеттің нәтижелеріне талдау жасау технологиясы	4		4		8
2.4	Білімдендіру үдерісін басқару жүйесіне менеджменттің тиімділігін бағалаудың критерилері мен параметрлерін енгізу	4				4
2.5	Басшының уақытын ұйымдастыру және Тайм-менеджмент ережелері қисынында оны пайдаланудың тиімділігін арттыру	4				4
2.6	Жан басына қаржыландыру жағдайында білім беру ұйымдарында жоспарлау, материалдық-техникалық базаны басқару	4				4
2.7	Басқару әрекетінің мәдениеті негізінде мектепшілік басқаруды жетілдіру. Білім беру ұйымын басқарудағы көшбасшылық пен менеджмент.	2	6	4		12
2.8	Мектепте инклюзивті білім беру: ұйымдастырушылық-басқарушылық міндеттер	4				4

2.9	Квалиметрия оқу-тәрбие үдерісінің сапасын бағалау құралы ретінде. Білім беру үдерісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу. Сапа менеджменті жүйесінің талаптары.	4				4
2.10	Жаһандық бәсекелестік жағдайында білім беру ұйымының қазіргі басшысының сыни және дизайн-ойлауын дамыту	4			2	6
2.11	Мектептің даму бағдарламасы фрагменттерін панорамаларық қорғау.	4				4
2.12	Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби күзiреттiлiгiн анықтау (қорытынды тестiлеу).	2				2
3	3-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін дамыту	6				6
3.1	Басқарушылық шешім білім сапасын басқару құралы ретінде: менеджмент теориясы қисынындағы әзірleme технологиясы. PDCA басқару мақсаттарын диагностикалық талдау. PDCA басқару шешімдерін жасау тәсілдері	2				2
3.2	Жобалау-зерттеушілік әрекет – мектеп басшысының кәсіби күзiреттiлiгiн арттыру факторы ретінде	2				2
3.3	Ақпараттық білім кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері	2				2
4	4-модуль. Вариативті	4				4
4.1	Адами ресурстарды басқару. Ұйымдағы HR – менеджменттің ролі. Адам ресурстарын басқарудың жапондық диагностикалық моделі.	2				2
4.2	«Толық адам» ұлттық тәрбие моделі.	2				2
Барлығы		58	12	8	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

Онлайн оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Вебинар	Демо-сабақтың презентациясы / Жобаны қорғау	Тестілеу	Тыңдаушыдың өз бетінше оқуы	Барлығы (сағат)
1	1-модуль. Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	2			2	4
1.1	Нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген, орта білім жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері	1			1	2
1.2	Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық аспектілері	1			1	2
2	2-модуль. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін	22	8	2	34	64

	жетілдіру					
2.1	Білім беру үдерісін басқарудағы педагогикалық менеджмент	2			4	6
2.2	Заманауи мектептің оқу-тәрбие үдерісін табысты ұйымдастырудағы инновациялар. Білім беру ұйымдарының дамуындағы инновациялық менеджмент	2			4	6
2.3	Мектептің даму бағдарламасы – білім беру сапасын басқарудың стратегиялық құжаты. Өзгерістерді жоспарлау және әрекеттің нәтижелеріне талдау жасау технологиясы	2	8			10
2.4	Білімдендіру үдерісін басқару жүйесіне менеджменттің тиімділігін бағалаудың критерилері мен параметрлерін енгізу	2			4	6
2.5	Басшының уақытын ұйымдастыру және Тайм-менеджмент ережелері қисынында оны пайдаланудың тиімділігін арттыру	2			2	4
2.6	Жан басына қаржыландыру жағдайында білім беру ұйымдарында жоспарлау, материалдық-техникалық базаны басқару	2			4	6
2.7	Басқару әрекетінің мәдениеті негізінде мектепшілік басқаруды жетілдіру. Білім беру ұйымын басқарудағы көшбасшылық пен менеджмент.	2			4	6
2.8	Мектепте инклюзивті білім беру: ұйымдастырушылық-басқарушылық міндеттер	2			4	6
2.9	Квалиметрия оқу-тәрбие үдерісінің сапасын бағалау құралы ретінде. Білім беру үдерісіне сапа менеджменті жүйесін енгізу. Сапа менеджменті жүйесінің талаптары.	2			4	6
2.10	Жаһандық бәсекелестік жағдайында білім беру ұйымының қазіргі басшысының сыни және дизайн-ойлауын дамыту	2			2	4
2.11	Мектептің даму бағдарламасы фрагменттерін панорамаларық қорғау.	2			2	4
2.12	Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзіреттілігін анықтау (қорытынды тестілеу).			2		2
3	3-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін дамыту	4			4	8
3.1	Басқарушылық шешім білім сапасын басқару құралы ретінде: менеджмент теориясы қисынындағы әзірлеме технологиясы. PDCA басқару мақсаттарын диагностикалық талдау. PDCA басқару шешімдерін жасау тәсілдері	2			2	4
3.2	Жобалау-зерттеушілік әрекет – мектеп басшысының кәсіби құзіреттілігін арттыру факторы ретінде	2			2	4

4	4-модуль. Вариативті	2			2	4
4.1.	Адами ресурстарды басқару. Ұйымдағы HR-менеджменттің ролі. Адам ресурстарын басқарудың жапондық диагностикалық моделі.	1			1	2
4.2.	«Толық адам» ұлттық тәрбие моделі.	1			1	2
Барлығы		30	8	2	40	80

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушыларды оқыту нәтижелерін бағалау үшін: өзіндік жұмыстар, жобаны қорғау, диагностикалық және қорытынды тестілеу пайдаланылатын болады. Тыңдаушылар үшін кері байланыс көмегімен курс тақырыптары бойынша оқыту сапасын бағалау критерийлерімен және дескрипторларымен өз бетінше жұмыс ұсынылады. Тапсырмаға байланысты мұғалім бағалауды автоматты түрде немесе қолмен жүргізеді. Нәтижесінде Кәсіптік оқытудың барлық модульдері бойынша орташа арифметикалық балл он балдық шкала бойынша белгіленеді. Қорытынды тестілеу үшін курс модульдері бойынша тест сұрақтары ұсынылады.

Өзіндік жұмысқа қойылатын талаптар

Өзіндік жұмыс – оқытылатын модульге сәйкес тапсырмалардың бірін таңдау, содан кейін оны кураторға қарау үшін жіберу. Дайын жұмыс MS Word форматында жасалады.

Автор туралы ақпарат (аты-жөні, білім беру ұйымы) бірінші бетте көрсетілуі керек.

Жұмысты орындау:

- тыңдаушы орындаған мәтіннің мазмұны;
- орындалған жұмыстың тұсаукесері және белгілі бір тақырып бойынша өзекті сұрақтар ашылады және талданады;
- жұмыстың академиялық, ғылыми және / немесе практикалық бағыты, өзектілігі мен өзіндік ерекшелігі болуы керек.

Өзіндік жұмыс критерийлерін бағалау

1. орындалмаған – 0 балл;
2. ішінара орындалды –1 балл,
3. орындалды – 2 балл.

Білімді игеру деңгейі келесі параметрлерді қолданады:

1. зерттелген материалға сәйкес модульді білу;
2. практикалық материалды қолдану;
3. практикалық маңызы бар материал ұсынылған
4. мәселені шешудің негіздемесі ұсынылған

5. талаптарға сәйкес орындалды.

Балларды бағалауға аудару шкаласы

№	Бағалау	Балл	% аралықта орындау
1	Өте жақсы	9-10 балл	85-100 %
2	Жақсы	7-8 балл	75-84 %
3	Қанағаттанарлық	5-6 балл	50-74 %

Жобаның құрылымы

Жобалық жұмысты орындау үшін 4-5 тыңдаушыдан тұратын топ құрылады. Өр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1. Сыртқы бет (білім беру ұйымының атауы, Тегі, Аты, жылы, әзірлеушілер қаласы).

2. Мазмұны (Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3. Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін, жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін, пайдаланылған ақпарат көздерін негіздеу, негізгі мәселенің қысқаша сипаттамасы).

4. Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе кезең-кезеңімен ашылады, оны шешу жолдары автордың әртүрлі көзқарастарымен сипатталған және тұжырымдалған дәйектілікке негізделген ақпарат көздерінде көрсетіледі).

5. Қорытынды (Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің негізгі нәтижелері бойынша қорытынды жасалады немесе алынған зерттеу нәтижелері практикалық тұрғыдан баяндалады).

6. Пайдаланылған көздер.

7. Қосымша (қажет болған жағдайда).

8. Презентация презентация түрінде жасалады.

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) Теориялық және практикалық білімнің қосындысы.
- 2) Тақырыптың жаңалығы мен өзектілігі;
- 3) Шығармашылық;
- 4) Нақты мәселелерді шешу үшін білімді пайдалану мүмкіндігі;
- 5) Жүйелі тақырып бойынша өз мәтінін және презентациясын ұсына білу;
- 6) Сөйлеу дағдылары.

№	Бағалау критерийлері	Баллдар	Түсініктемелер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдай білу және мәселенің өзектілігі		
2	Жоба тақырыбының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес мәселені қоя білу		

3	Жоба мазмұнының құрылымы: реттілік және реттілік		
4	Жоба тақырыбының мазмұнына сәйкестігі: - мәселені шешу деңгейі; - жоспарды сақтау.		
5	Жұмыс перспективалары: - жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; - жұмысты жалғастыру мүмкіндігі.		
6	Жобада инновациялық әдістерді қолдана білу		
7	Дағдылар		
8	Сұрақтарға жауап беру		
9	Шығармашылық		
10	Тайм-менеджмент сақтау		
	Баллдар саны		

Жобалық жұмыстың таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер таңдалды:

0 балл - іске асырылған жоқ;

1 балл - ішінара іске асырылды;

2 балл-толық іске асырылды.

Жобаның максималды бағасы-20 балл.

Жұмысты бағалау ұпайларының сомасы келесі схема бойынша дәстүрлі бағалауға аударуды ұсынамыз:

17-20 балл "5" бағасы қойылады (өте жақсы).

14-16 балл "4" бағасы қойылады (жақсы).

10-13 балл "3" бағасы қойылады (қанағаттанарлық).

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс жетекшісінің педагогтарды курстан кейінгі қолдау іс-шаралары (оқытушы) кеңес беруі, қашықтықтан кеңес беру іс-шаралары, түрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), интернет-платформалары арқылы жүзеге асырылады.

Курс жетекшісі (оқытушысы) педагогтардың кәсіби дамуын зерделейді:

- білім беру ұйымы педагогтарының әдістемелік, педагогикалық кеңеске (мектеп, қалалық, ауданы деңгейіндегі) қатысуы;

- семинар, вебинар, дөңгелек үстелдерде (мектеп, қалалық, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі) баяндама жасауы;

- кәсіби байқауларға (мектеп ішіндегі, қалалық, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі) қатысуы;

- сараптамалық топ құрамына (жұмыс және т.б.) қатысуы;

- облыстық, республикалық басылымдар, БАҚ мақалалар жариялауы (мүмкін, авторлық бірлестікте);

- әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу.

Қажеттілік туындаған жағдайда курс жетекшісі (оқытушысы) оларды қажетті әдістемелік және сандық ресурстармен қамтамасыз етеді.

Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтерге курстан кейінгі қолдау көрсету бойынша іс-шаралар ұсынылады:

Іс-шаралар формасы	Мақсаты	Іс-әрекет мазмұны
Жеке қажеттіліктер бойынша кеңес беру	курстан кейінгі қолдау	нақты мәселелерді шешу бойынша жеке кеңестер беру; сабақты жоспарлау бойынша тақырыптық кеңестер беру, сараланған тапсырмаларды құрастыру және т.б.
Әдістемелік қолдау	курстан кейінгі қолдау көрсету, дамытушылық кері байланысты қамтамасыз ету	Ашық сабақ, сабақ бойынша кері байланысты дамыту, әдістемелік кеңес беру
Форум (веб-конференция)	курстан кейінгі қолдау көрсету, белгілі бір тақырыптағы педагогтар қауымы	мұғалімдер кеңеседі, тәжірибе алмасады, мақала жариялау, бірлескен авторлық жұмыстар жариялау
Семинар (вебинарлар)	әдістемелік, консультациялық көмек көрсету	оқу немесе ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша мұғалімдер жасаған баяндамалар мен жобаларды талқылау
Сабақты жоспарлау	курстан кейінгі қолдау көрсету, мұғалімнің қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтау	сабақты жоспарлау бойынша жеке кеңестер беру

10. Әдебиеттер тізімі

1. Бердалиева К.Б. (2011). Стратегическое управление. Учебник (стр. 317). Ассоциация высших учебных заведений Республики Казахстан,
2. Нурсейтова Г.Б. (2011) Управление персоналом. Учебный инструмент (98 страниц). Алматы: Казахский университет
3. С. Жумабаев (2011) Управление человеческими ресурсами. Учебник (234 страницы): Казахский национальный университет.
4. Михненко П.А. (2018) Теория управления. Учебник (518 страниц). Изд-во М.: Университет «Синергия».
5. Ксенофонтова Х.З. (2020) Корпоративное управление. Учебник (с. 314) М.: Кно.
6. Дашкова И. А., Ткаченко И. В., Захарченко Н.С., (2020) Менеджмент. Метод принятия управленческих решений. Учебник (276 стр.) М.: Юрайт.
7. Джон Гэмбл, Маргарет Петерефф, Томпсон Артур Гэмбл, ум. (2018) Основы стратегического управления: стремление к конкурентному преимуществу. Учебник. Алматы: Национальное бюро переводов.
8. Питер Друкер (2018) Менеджмент в 21 веке: Перс.англ.: Уч. Поз. - М.: Издательский дом "Вильямс", (272 с.: ил. - Парал. тит. англ.).
9. Литвин Ю. И., Литвин И. Ю., Харисова Р. Р., (2020) Управление проектами. Теория и практика: Учебник для бакалавров (240 стр.). М.: Прометей.
10. Управление качеством образования. Система менеджмента качества. Мониторинг и измерение. Внутренний и внешний аудит. ФГОС. – Москва: Наука, 2018. – 946 с.
11. Булаева С.В., Исаева О.Н. (2019) Управление качеством образовательного процесса: Монография (169 с.). , СПб: РГПУ им. А.И. Герцена
12. Мухамбетжанова Ч.Т., Тен А.С. (2018) Учитель STEM: возможности и перспективы. Методическое пособие (64 страницы).
Уилтон, Н. (2019) HR - Введение в менеджмент. Алматы, <https://kitap.kz/>
13. Ли Якокка (1991) Карьерный менеджер. изд-во Прогресс, Москва.
14. Стивен Р. Кови (1998) Семь навыков высокоэффективных людей, изд. Вече-Персей-АСТ.
15. Гриффин, Р. Менеджмент (2018). (12-й выпуск). Алматы: Национальный перевод кабинет, учебник (стр. 768)
16. В. С. Абрамов, С. В. Абрамов (2019) Стратегический менеджмент. Содержание и содержание: учебник и практика для бакалавриата и магистратуры (270 стр.). Под редакцией В. С. Абрамова (2 ч. ч. 1). Москва: Издательство Юрайт.
17. А.А. Алексеев. (2019) Инновациялық менеджмент. (2-баспа) бакалавриат пен магистратураға арналған оқулық (259 б.) Москва: Юрайт.

18. Горева О.М., Осипова Л.Б., (2018) Основы деятельности по управлению современной школой: Новая наука: Современное состояние и пути развития. (№ 6-2 (86). С. 24-28).

19. Горшков, М.К., Горева О.М., Осипова Л.Б. (2019) Управление системой образования в условиях повышения качества обучения: Современные проблемы науки и образования. (№1)

20. Корчинская, Т.И. (2018) Модернизация и проблемы инновационного управления развитием образовательных систем: Человек и образование. (№ 3 (36). – С. 92-97).

21. А.В. Щеглов (2018) Лидерство и командный менеджмент: руководитель и стиль его управления: Вестник экономической безопасности.

22. www.stplan.ru – case-study стратегическое управление и планирование

23. www.grebennikoff.ru/product/36/ - журнал «Стратегический менеджмент»

24. <http://www.aup.ru/> – административно-управленческий портал

25. Гибридная система управления менеджмента // <https://projecto.pro/blog/theory/gibridnaya-sistema-upravleniya-menedzhmenta/>

26. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III, г. Нурсултан, 01.09.2022

27. Об утверждении профессионального стандарта "Педагог" Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 15 декабря 2022 года № 500. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 19 декабря 2022 года № 31149

28. Об утверждении Концепции развития образования Республики Казахстан на 2022 – 2026 годы Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 ноября 2022 года № 941

29. Об утверждении национального проекта "Качественное образование "Образованная нация" Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726.

30. Постановление Правительства Республики Казахстан от 8 июля 2021 года № 471 об утверждении концепции обучения в течение всей жизни (непрерывного образования).